


Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:   
 Оқу ісі жөніндегі орынбасары Абдижәлелова А.Ж  
 Білім беру ұйымы М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ  
 Сыныбы: «в» сыныбы  
 Сынып жетекшісі: Джугуньсова А.Д  
 Балалардың жасы 5-6 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі 4-8 наурыз 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық қатысуы жөнінде ата-сәлемдесуді үйрету. Балаңыз бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын туралы сұрау, балаңызге кепіріні білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе балаңыз басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Сіз балаңыздың бойынан қандай қасиеттерді көргініз келеді?	Ата-аналармен әңгіме. Тәкәппарлық, еріншектік мақтаншақтық сияқты жағымсыз қылықтар балаңыздың бойында бар ма?	Ата-аналармен әңгіме: «Балаңыз мектептен шағым айтып келді. Енді мектепке барғысы келмейтінін айтты. Сіз қандай әрекет етесіз?»	Ата-аналармен әңгіме: «Балаңыз ұялы телефон алып бер деп жылады. Сіз: «Шамалы шыдай тұр, уақытыңда алып беремін» - дедіңіз. Балаңыз тыңдамай есікті тартса жауып кетін қалды. Сіздің әрекетіңіз?»	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Әдепті өтініш" жаттығуы. Мақсаты: балаларға біреуге өтінішпен жасау кезінде айтылатын, сынайы сөздердің мағынасын түсінуге көмектесу. Балаларды қабылданған әрекеттердің, оқиғалардың адамгершілік жағын көруге, олардың мәнін түсінуге үйрету.	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, асықпай (саусақпен кезек-кезек жыбырлату). Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау), Айналып, солға ұшып, (қолдармен екінші жаққа бұраңдау), Мамықтай жерге түсіп	"Құстардың көлеңкесі". Мақсаты: Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып, орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атауды, сөзбен сипаттауды үйрету	"Кім көп біледі?" сөздік ойыны. Балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Заттың қалай пайдаланылатынын айту. Ойын әрекеттері. Жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек (қарым-қатынас іс-әрекеті)	

		(алақандармен жоғары бұлғап, төмен карай түсіру,) Тыныш жатыр, бізді күтін (алақандарды үстел басына, тізеге салу)			
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 10				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	Отбасы Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармақ – әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортаң терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз.	Алғыс Жарқырасын, жаныңыз, Гүлдей жайнап бағыңыз! Айтарым тек мың алғыс, Атсын сәтті таңыңыз!	«Сикырлы таяқша» Мен бәріңе Қуаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	«Аспан» Асапан ашық көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Сөйлеу әдебі Біртұтас тәрбие: ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын сақтау. Сынайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды	Дене шынықтыру Міндеті: - 3 м арақашықтағы қолбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу». Біртұтас тәрбие:	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сауат ашу негіздері Берілген сөзге сөйлем құрастыру Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту «Буынды айтып сөз	Сауат ашу негіздері Міндеті: Дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіту «Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны Н дыбысынан басталатын сөздер ойландар, сөздерді шапалақпен буынға бөліңдер, қаншабуынатасындар.	

	<p>күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.</p> <p><b>Мақал-мәтелдерді жаттап ал.</b></p> <p>Әдептілікті данадан үйрен.</p> <p>«Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек.</p> <p>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.</p> <p><b>Ойын «Сұраққа жауап бер».</b></p> <p>– Сен әдепті баласың ба?</p> <p>– Иә. Мен әдепті баламын.</p> <p>– Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба?</p> <p>– Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын.</p>	<p><b>ұлттық мүдде: ұлттық мұраны насихаттау.</b></p> <p>Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады.</p> <p>«Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, қолбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 3 метр)</p> <p>Бастапқы қалып: аяқ нық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады.</p>	<p><b>құра»</b> дидактикалық ойыны</p> <p>Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.</p> <p>Мысалы: На... , та... , қа... , жа... , ал... , мон... , ке... , те... , шал... , қар... , қа... , пи... , бә...</p>	<p>– Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.</p> <p>– Р дыбысына басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.</p> <p>– Радио, рауғаш, рас, рет, реңке, рең.</p> <p>Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.</p>	
--	--	---	---	--	--

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ  
ОЙЫНДАР**

**Мен қандай адаммын ?**

**Мақсаты:** Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;

Әр қатысушы өзінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін айтады. Сол бойынша қорытынды жүргізіледі



**Ойын:** «Шарды қуып ұстау» қимылды ойыны

**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.

**Ойынның шарты:** Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет


	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p>Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету</p> <p><b>Күрделі сұрақ:</b> Қолдан адам қолымен жасалған әлемге қандай заттар жатады деп ойлайсыңдар?</p> <p>Балалар терезеден не көріп тұрғандарын атап береді. Табиғатқа – ағаштар да, аспан да, шөп те, ауа да, адам да жатады деген ұйғарымға келеді.</p> <p>Топтағы жанды заттарды атап көрсетеді. Үстелдің неліктен жансыз затқа жататынын дәлелдейді. Тірі ағзаның қандай әрекеттер жасайтынын, мәселен, тыныстайтынын, тамақтанатынын, өсетінін, көбейетінін айтып береді.</p> <p>Педагогтің көмегімен</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету</p> <p>Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізеді. Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>- Алма қандай бөліктерге бөлінген? (Жоғарыда алма екі бөлікке, төменде төрт бөлікке бөлінген).</p> <p>- Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (Бүтін)</p> <p>- Алманың ескіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін, басқаша қалай атауға болады? (Жарты, ширек.)</p> <p>Педагог мұны «+» белгісінің көмегімен көрсетеді.</p> <p>Екінші суретте алманың төрт бөлігінен бір бөлігін алады, қанша бөлік қалады?</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Бүтін мен бөлікті салыстыру «бүтін және бөлік» туралы ұғым қалыптастыру.</p> <p>Педагог суреттерді көрсетеді, балалар бүтін немесе бөлік деп айтады.</p> <p>Бүтін алманы, текшелер жиынтығын көрсетеді, содан соң бөліктерін-жарты, төрттен бір бөлігін. Балалар атайды</p> <p><b>Дидактикалық ойын «Екінші жартысын тап»</b> I топқа үстелдің үстіндегі заттардың жартысын тауып, бүтін қалыпқа келтіру тапсырылады, «<b>Екі бөлікке бөл</b>» II топқа керісінше берілген геометриялық фигураларды тең екі бөлікке бөлу тапсырылады.</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> Қоршаған орта Зерттеу әрекеті</p> <p><b>Сюжетті-рольді ойын: «Зерттеушілер»</b></p> <p>Ойнатылытын ойынның этаптарының біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды, сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету. Рөлдерге бөлініп, бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып. Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп. Ойындық диалогты моделдеуге үйрету.</p> <p><b>Жағдаят:</b> Зерттеу объектісін таңдау; Зертхананы құру; Фотоға түсіру, аралық нәтижелердің түсірілімі; байқау нәтижелерін журналға жазу; ғылыми кеңес; зерттеу нәтижесін шығару.</p> <p><b>Сюжетті-рольді ойын:</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «<b>Экологтар. Бағбандар</b>»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту. Экологтар</p>	
--	---	---	---	---	--

қолдан жасалған  
(жансыз) әлемге киім,  
аяқкиім, ыдыс-аяқ, жиһаз  
т.б. жататынын  
түсіндіреді  
- Қазақстан аумағын  
мекендейтін жануарлар  
мен олардың төлдерін  
атау және олардың  
өздеріне тән белгілері  
бойынша ажырату

жұмысының ізгі бағыттағы  
жұмыстары және оның  
табиғатты қорғаудағы,  
әлеуметтік мәні туралы  
түсініктеріп кеңейту.  
**Жағдаят:** Объектіны таңдау,  
Картамен жұмыс, бақ  
орнататын жерді таңдау  
Экологиялық паспорттарды  
қарау; Экологиялық  
жағдайларды зерттеу  
Айыппұл  
төлету; Экологиялық  
жағдаятарды түзету  
жұмыстары; Суретке түсіру,  
суретке түсірудің бұзылуы,  
суретшімен кездесу.  
өсімдіктерді бейнелеу.

## Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

Ұлттық ойын "Бес тас" «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентай домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. (жұптық ойын)  
**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде: ұлттық мұраны насихаттау.**



### Ойын: «Жалауша»

**Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.

**Керекті құралдар:** ысқырық, жалауша, бор, таяқша.

### Мазмұны.

Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді. Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады. Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі. Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.

Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады. Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады.

Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.

Ойын осылай бірнеше рет жүріп, жеңіске жеткен команда анықталады.

### Ойынның ережесі.

1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.
2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.
3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.

### Әдістемелік нұсқаулар.

Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> Анамыз мерекесіне балаларға Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиып жапсыру.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті - Қазақ тілі Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелді қолдану</b>          Балаларды топтың кітап бұрышына жартылай шеңбер құрғыза отырғызып, бүгін «Әдебиет нама» патшалығына саяхатқа баратындарын хабарлайды. Мақал туралы түсінік береді. - Патшалықтың мына бөлігінде мақалдар тұрады екен. Мақалда айтылатын ой қысқа, нақты жеткізіледі. Қазақ жерінің суреті, астында туған жер туралы мақал жазылған: «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас». -Қалай түсінуге болады? (айта алмаса, жетекші сұрақтар қою арқылы көмектеседі) Сәйгүлік ат мінген, қазақ жігітінің суреті, астында мәтел жазылған: «Ер қанаты-ат» -Бұл мәтел нағыз батыр жігіттің жүйрік аты болу керек дегенді білдіреді. <b>Дыбыстық</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> -Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу  <b>Мақал-мәтелдер</b>          1. Қысына қарай – көктемі, Диканына қарай – егіні. 2. Қар жауды деп қуанба, Артынап келер аязы. 3. Қыс қамынды жаз ойла. Дидактикалық ойын:          «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «сұарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу.          Мысалы:          «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс.          Тапсырма ауызша орындалады.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.          Педагог балаларға жұмбақ жасырады.          – Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім?          – Ана сөзін естігенде, ойларыңа не келеді?          – Аналарың сендерді қандай сөздермен еркелетеді?          Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Үш қыз» атты татар халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні оқып, мазмұнын</p>	
--	--	--	--	---	--



жаттығу (айнамен орындалады).  
 Ү-ұ-үш- үш-қыш – үшқыш.  
 Ә-э-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.  
 Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құ-ыл-ыс-шы – құрылысшы.  
 Ғ-ғ-ғ-ғ-ға-ға-рыш-кер-ғарышкер  
**Біртұтас тәрбие:**Талап  
**құндылығы:** казак тілінің қолдану аясын кеңейту.

ашу.

Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны .

**Жеке жұмыс:**

Сурет салудан ойын-жаттығу "Теңіз асты тұрғындары" балаларды топтастар ұжымымен бірігіп, теңіз асты әлемі сюжеті салуға үйрету. (шығармашылық ісәрекет, қарым-қатынас ісәрекеті) (топтық жұмыс)

**Ойын:**«Торғайлар мен тор» қимылды ойыны  
**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.

**Ойынның шарты:**Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ-торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.( Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.



**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

Сауат ашу негіздері  
 Міндеті: -

Музыка  
 Міндеті:

Музыка  
 Міндеті:

Дене шынықтыру  
 Міндеті: - Бірінің

	<p>Міндеті: - Сөйлемдердегі сөздің ретін, санын анықтау өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау «Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны</p> <p>1. Тәрепке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (ыдыстар).</p> <p>2. Басбармақ, балаң үйрек, орган терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (саусактар)</p> <p>3. Күрте, пальто, тон, плаш – ... (киім).</p> <p>4. Құлақшын, қалпақ, малакай – ... (баскиім).</p>	<p>Музыкалық аспаптарда ойнау «Бірғақты қайтала» Аспапты тембірлік үнінен тануға үйрету. Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қонырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар. Шарты: Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады. Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды.</p>	<p>Аспаптарда таныс әуендерді ойнау «Аспапты үнінен тап» Мақсаты: Есту қабілетін дамытып, аспаптарды үнінен ажырату қабілетін арттыру. Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қонырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар, домбыра. т.б</p> <p>Шарты: Шымылдың артындағы бала өзіне ұнаған аспабын ойнайды. Аспапты үнінен кім тапса, сол жеңімпаз болады.</p>	<p>артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу. Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыңқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыру. <b>Мерген имек ағаш». (3 рет)</b> Алаңқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Иmek ағаштың қыры толық мұзды жататындай етіп ұстауын қадағалайды. Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып, заттардың арасымен жүгіру. (5 рет) Арақашықтығы 1м 5 конусты алаңның ортасына қояды. Конустарды аралап жүгіретін ойыншы саны қима қағаздарға жазылған сандар арқылы анықталады. Әр команданың ойыншылары конустардың арасымен педагог белгісі бойынша</p>
--	---	---	---	---

				жүгіре бастайды.ыруга үйрету	
Серуенге дайындық	Киімдердіреттіліктіс ақтапдұрыскиінугеу йрету.	Киімдердіреттіліктісақтапдұры скиінугеуйрету.	Киімдердіреттіліктіс ақтапдұрыскиінугеу йрету.	Киімдердіреттіліктісақтап дұрыскиінугеуйрету.	

	<p>Серуен-Бақылау №1 «Ауа райын бақылау» Ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. <b>Қимылды ойындар:</b> «Мысық пен тышқан» <b>Жеке жұмыс.</b> Аспан туралы жұмбақтар шешу. <b>Еңбек.</b> Телімдегі қағаз-қоқыстарды жинау. <b>Көркем сөз</b> Орақ болып туады, Табак болып тұрады (ай)</p>	<p>Серуен-Бақылау №2 <b>«Құстарды бақылау»</b> Құстардың аттарын атап үйрету. Қарға мен сауықанның айырмашылығын табуға жаттықтыру <b>Қимылды ойындар:</b> «Біз көңілді балалар» <b>Жеке жұмыс.</b> 2-3 баламен алғашқы ұшын келетін құстар қаз, қарлығаш, бозторғай туралы әңгімелесу. <b>Еңбек.</b> Құстарға жем шашу, әкелерімен бірігіп ұя жасауды ұсыну. <b>Көркем сөз.</b> Жұмбақ жасыру. Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт канаты. (қарлығаш)</p>	<p>Серуен-Бақылау №3 <b>«Ауа райын бақылау»</b> Ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. <b>Қимылды ойындар:</b> <b>«Көзді көздеп құлат»</b> <b>Жеке жұмыс.</b> 4-5 баламен жіңішке жолмен тепе-теңдік сақтал, құламай жүгіру. <b>Еңбек.</b> Ойын алаңының қоқыстарын жинау. Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару. <b>Көркем сөз.</b> Жұмбақ. Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (су)</p>	<p>Серуен-Бақылау №4 <b>«Қараторғайды бақылау»</b> Құстар туралы білімдерін толықтырып, қарғамен салыстыру, ұқсастығын көрсету. Қамқорлыққа тәрбиелеуді жалғастыру. <b>Қимылды ойындар:</b> «Арқан тартыс», <b>Жеке жұмыс.</b> Үш-төрт балаға «Аталған құсты көрсет» дидактикалық ойынды үйрету. <b>Еңбек.</b> Құстарға жем шашу. <b>Көркем сөз:</b> Балалармен достасып, Жазда бақты қорғайды. Күзде кетер қоштасып, Кім біледі... (торғайды)</p>	
--	--	--	--	--	--

<p>Балалардың үйге қа- йтуы</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі анық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> «Бала құқығын қорғау парызымыз» ата- аналарға кеңес</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
-------------------------------------	---	---	---	--